Даирова Г.Қ., Хасанаева Л.М. Қазақстандағы этномәдени құндылықтардың рухани маңызы (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы)...	655
Dayrova G.K., Khassanayeva L.M. Significance of spiritual value of ethnoculture in Kazakhstan (Late 20th century and early 20th century)	
Жақсылықова Г.А. Пий XII және фашизм.....	659
Zhaksylykova G.A. Pius XII and fascism.....	
Қамза А.Т. Беймәлім Қазақ-түрік қатынасының тарихи жағдайы	665
Kamza A.T. Historical standing of unknown Kazakh-Turkish relations	
Мамытова Г.М. Қазақ баспасөзінің көшбасшысы.....	669
Mamytova G.M. The leader of the kazakh press.....	
Мырзагелді А.М. Авар қағанаты мен Византия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар тарихы.....	674
Myrzageldy A.M. History of diplomatic relations between the Avar khaganate and Byzantium.....	
Ноғайбаева Ж.С. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу аймағындағы мәдени-ағарту жұмыстарының жүргізілуі (баспасөз материалдары негізінде).....	678
Nogaybaeva J.S. Cultural and educational activities in the Semirechye region in the late XIX - early XX centuries (based on press material)....	
Сапарали С.С. Қазақ жерінің тұтастығы үшін күрескен тұлғалардың саяси қызметі.....	683
Saparali S.S. Activities of the national political elite for the integrity of the Kazakh state.....	

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality-0700 00).

11. К.Т. Дүйсембаева. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы жұмыс күші миграцияның әлеуметтік-экономикалық маңызы //Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. 2012. № 1/2. -128-131 бб.

12. Покровский С.Н. Казахстан в период великой отечественной войны советский союза 1941-1945гг. – Алматы, 1964. 596 с.

13. Кнышевский П.Н. Васильева О.Ю. Высоцкий В.В. Саламатин С.А. Скрытая правда войны- Москва: Русская книга, 1992. 348 с.

14. Колыбеков М.Р. История депортированных народов Казахстана (1937-1956гг.)/М.Р. Колыбеков. - Алматы, 1997. - 45-56 стр.

15. Алдажуманов К.С. Депортация народов – преступление сталинского тоталитарного режима/ К.С. Алдажуманов. – Алматы: Дәуір, 2004. -40-49 стр.

ГРНТИ 03.20.11
ӘӨЖ 974.20

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҮЛГІ (БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ МЫСАЛЫНДА)

Қаражан Қ.С.¹, Абикенова Г.Е.²

¹*әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д.*

²*әл-Фараби ат. ҚазҰУ қауымд. профессоры., т.ғ.к.*

Аңдатпа

Аталған мақалада Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы – Бауыржан Момышұлын ерлік істері мен оның өнегелі өмірінің жастар санасы мен ұлт руханиятына қосатын үлесі аталып өтіледі. Тек батырлығымен ғана емес, жазушылық қырымен де танылған Бауыржан Момышұлының кейбір қанатты сөздерінің ел арасында нақылға айналып, қолданысқа түсуі де сөз болады. Батыр шығармалары мен оның құжаттық материалдарына негізделі отырып, «Ұшқан ұя», «Қанмен жазылған кітап» сынды шығармаларының рухани мұрамызға қосар үлесі негізделді.

Тірек сөздер: фашизм, ұл руханияты, өскелең ұрпақ, қаһарман, ата-дәстүр.

Karazhan Q.C. ¹, Abikenova G.E. ²

¹ *doctor of historical sciences, professor of Al-Farabi Kazakh National University,*

¹ *candidate of historical sciences, associate professor of KazNU named after al-Farabi,*

MORAL LIFE IS AN EXAMPLE TO THE SPIRIT OF THE NATION (IN THE EXAMPLE OF BAUYRZHAN MOMYSHULY)

Abstract

This article mentions the heroic deeds of the Hero of the Soviet Union, People's Hero of Kazakhstan - Baurzhan Momyshev and the contribution of his moral life to the consciousness of young people and the spirituality of the nation. It is said that some of the words of Baurzhan Momyshev, known not only for his heroism, but also for his writing, became a proverb in the country. Based on the works of the hero and his documentary materials, the contribution of such works as «Flying Nest» («Ushkan uyia»), «Book written in blood» (Kanmen zhazyrgan kitap) to our spiritual heritage is substantiated.

Keywords: fascism, spirituality, growing generation, heroes, national traditions.

Қаражан Қ.С.¹, Абикенова Г.Е.²

¹доктор исторических наук, профессор КазНУ им аль-Фараби,
Алматы

²кандидат исторических наук, доцент КазНУ им аль-Фараби,
Алматы

ПРАВЕНСТВЕННАЯ ЖИЗНЬ- ПРИМЕР ДУХОВНОСТИ НАЦИИ (НА ПРИМЕРЕ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ)

Аннотация

В данной статье отмечается вклад в героическое дело Героя Советского Союза, Халық қаһарманы Казахстана – Бауыржана Момышұлы и его нравственный жизненный путь в сознании молодежи и духовности нации. Затронуты вопросы не только о героизме Бауыржана Момышұлы, но и крылатые слова которые стали неким наследием для народа в результате его писательской деятельности. На основе произведений героя и его документальных материалов как «Ұшқан ұя», «Қанмен жазылған кітап», обосновывается вклад героя в духовное наследие народа.

Ключевые слова: фашизм, духовность, подрастающее поколение, герой, национальные традиции.

Қазақ елі Кеңес Одағы халықтарының қатарында бір тудың асытында біріге отырып, герман фашизмімен толығымен тұншықтырғанына да 75 жылдың уақыт шегі келіп жетті. Қиын да сұрапыл соғыс бейбітшілікті аңсаған талай боздақтардың жанын қиды. Ал ортамызға аман-сау оралған батырларымыз бен қайсар жауынгерлеріміз халық үшін жасаған ерен ерліктері үшін сый-құрметке ие болып қана қоймай, өскелең ұрпақ санасына үлгі-өнеге, еліне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыруға мысал бола алады. Елімізде «Руани жаңғыру» мәселесі көтеріліп, саналы ұрпақ санатын өткен тарихымызбен байланыстыра отырып, ұлттық рухта тәрбиелеу қажеттігін көтеріп отырғаны белгілі. Дәл осы тұста өзінің нар тұлғасы мен рухани болмысы арқылы халық жадындағы Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы – Бауыржан Момышұлын ерекше атап өтуімізге болады. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы тек батыр ғана емес жастарды батырлық пен ерлікке, адами қасиетке шақырған жазушы болды және оның туғанына да 110 жыл толып отыр.

Ежелден-ақ ата-бабаларымыз өзінің ауыз әдебиеті, оны ішінде батырлар жырлары, аңыз-әңгімелер, ертегілер арқылы балалар мен жасөспірімдер санасына адамгершілік, имандылық, тәлім-тәрбие берді. Ал еліміздің өркендеп өсуі мен дамуы үшін, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруге үлесі бар жастар саясатын да естен шығара алмаймыз. Отанымыздың территориялық бүтіндігін сақтау, халық тыныштығын бұзушы лаңкестерге қарсы күрес, мемлекетке қауіп төнгізетін кез келген ішкі және сыртқы күштерге қарсы тұруда жастарымызды отаншыл рухта тәрбиелеу міндетін шешуде Бауыржан Момышұлы сынды тұлғаның артына қалдырған ерлік істері мен шығармаларын ұсынуға болады.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақ қаламгерлерінің ішінде Бауыржан Момышұлындай өз ұлтын сүйген жазушы жоқ» [1] деп баға беруінің өзі егеменді еліміздің болашағы – жас ұрпақтың ойына батыр есімін сала отырып, ел бейбітшілігі мен бірілігін сақтау, патриоттық рухты көтеру мақсатында айтылса керек.

Қазақтың біртуар азаматы, батыр, жазушы Б. Момышұлының ұлт руханиятының болмысы мен болашағына қатысты жазылған өзекті ой-толғаныстары бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің дамып, өркендеуіне бағыт – бағдар беретіні сөзсіз. Бауыржан Момышұлы: «Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол солдатқа жөргекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс. Дәстүр-тәрбиенің басты қайнары. Ал дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілікті ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек» [2] - деген ұтымды ойларының өзі осыны аңғартады. Ол өзінің артына өшпес өнеге, ерлікке, патриоттық, сезімге толы бірнеше кітаптарын қалдырып кетті. Атап айтар болсақ, «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлері» (1969) «Жоңарқа» екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991), «Ұшқан ұя» және т.б.

Бауыржан Момышұлының артына қалдырған бұл мұрасының әр қайсысы қазіргі жастарға өнеге ретінде нұсқап көрсетуге болады. Мәселен, автордың «Ұшқан ұя» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына ие болған.

Ал «Қанмен жазылған кітабы» Бауыржан Момышұлы шығармаларының бірегейі болып табылады. Бұл туынды туралы М.Мырзахметов: «Жаңа толқын жас ұрпақты ата дәстүрін қастерлеп, Отан сүю рухында тәрбиелеудің рухани құралы» деп бағаласа, ал ақын Олжас Сүлейменов «Менің бақытыма қолыма Александр Бектің «Волоколом тас жолы» романы түсті. Оның тас түйіні Бауыржаны менің аяулы кейіпкерім болды. Өткір, такабар, әділ, батыл да дана Бауыржан бір мені ғана емес, талайды қазақты қадірлеуге үйретті. Бауыржанның қазақ болғаны мен үшін бақыт еді» деп атап көрсетеді. Бұл орайда тіл жанашыры ретінде де Бауыржан Момышұлы өзінің рухшыл, халықшыл екендігін танытты. Ол «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?» деп атап өтуінің өзі осыны аңғартады [3].

Сондай-ақ батыр өзінің патриоттық сезіміне, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігіне, батырлық сезіміне түрткі болған, осы қазақ тілі екенін айтып өткенді. Мәселен: «Тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, керегінде жанға тиіп, ашындырып өтін сыртқа шығарып, қайрап, егеп «Сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендеи ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл» - дейді [4]. Тіпті Б. Момышұлы ана тілінің қамқоршысы болғанын өз ісімен де дәлелдеген. «Қанмен жазылған кітап» романында Бауыржан Момышұлы былай деп көрсетеді:

«Февральдің 15 күні, кеселканаға түсе салысымен, көңілімді сұрағалы, көптен көріспеген бір таныс әйел Сахарова дейтін келіп отырып, қазақша жазылған бір парақ қағазыма көзі түсіп:

- Бауыржан, почему вы пишете по-казахски, - деп қадала сұрақ қойды.

- Вы меня удивляете, Нина Александровна, почему я не должен писать по-казахски, на родном языке? - дедім мен.

- Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что не выразишь свои мысли – то, что хочешь сказать не скажешь... До того говорят Ваш язык бедный... – деп, түйеден түскендей, ұялмай-қызармай айтып отыр...

Не дерсің, сөзі өңменімнен өтіп кетті. Ол кісіге, әлімнің келгенінше, теріс ұғымын дұрыстап түсіндірдім», - деп көрсетеді [5].

Қоғамда ұлтының тілі мен оның болашағы үшін жанашырлық танытқан азамат – елінің «патриоты» деп бағалап жүргеніміз белгілі. Осы орайда Б. Момышұлы елінің патриоты бола білді және оны өз болмысы мен іс-әрекетінде көрсете білді. Бұл тұрсында оның замандасы Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогында: «Бірінші Бауыржанның болмыс-бітімі ұлт ұланына мынау әлемдегі орнын, яғни, өзі айтқандай, өмірдегі нөмірін іздеп табуды үнемі міндеттеп тұрады» [6] - деп батырдың әр тұлғасы мен халқына деген сүйіспеншілігін жеткізеді.

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы деп жастарға жеткізе отырып, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін - «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет көрсету сынды түсініктер қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы қажет. Осы орайда да Б. Момышұлының әр бір ой-тұжырымдарының алар орны ерекше.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жүгіртер болсақ, елімізді қорғаған батырлар мен билердің, ақылгөй даналардың елі мен жері үшін күресуі отанына деген құрметтің нағыз үлгісін береді. Жоңғар шапқыншылығы мен одан кейінгі ұлт азаттық көтерілістерде елін басап жауға қарсы тұрған батырлар бүгінгідей (кеңес дәуірідегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиеленген жоқ. Алайда, елі мен жерінің бостандығы үшін аянып қалған емес. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Әрбір азамат тарих қайнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата - бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға тиіс» - деп атап өтуінің өзі осыны аңғартады [7].

Бұл тұрғыдан алғанда Бауыржан Момышұлы XX ғасырдағы қазақ батырларының бейнесін бере отырып, жастардың рухы мен жігерін көтеруде мысал бола алады. Мәселен, «Егер адамның бойында ұят сезім болмаса, онда ерлік те жасалмас еді», - дей отырып, ар-ождан мен ерліктің қатар жүру қажеттілігін көрсетеді.

Ал ел басына қиыншылық туып, Ұлы Отан соғысының өрті шарпыған тұста Бауыржан Момышұлы қатал да, қайратты мінезімен осы айтылған сөзін дәлелдей білді. «Егер де жау Москваға

жетсе бала-шаға, халық қырылады, оған қай бетімізбен қарамақпыз, ер жігіт, отау иесі, патриот деген атымыз бекер болғаны ма?» деп өз естеліктерінде атап өткендей, Халық қаһарманы қол бастап, жауынгерлерін соғысқа бастап барды. Бұл туралы Темір Құсайын өзінің «Бітімі бөлек Баукең» атты еңбегінде: «Баукең жайлы ой толғағанда оны майдан даласында даңқы шыққан қолбасшы, елін қорғауда ерлік көрсеткен қаһарман деп қана тану аз. Ерлік пен қаһармандықтың қалтқысыз үлгісін ол бейбіт өмірде де, тіршіліктің сан қилы тіресі мен күресінде де көрсетіп өткен өр мінезді, өжет жан» деп баға береді.

Б.Момышұлының артына қалдырған шығармаларында өмір тұрмыстан туындаған, уақыттың талап таразысынан өткен, жастарға үлгі-өнеге боларлық қанатты сөздер қатары да аз емес. Батырдың мақал-мәтелдерінде адалдық, әділдік, елдік пен ерлік, отан, өмір мен өлім, дос, дұшпан, жақсы мен жаман, тәртіп туралы өмір тәжірибесінен туған көзқарастар көптеп кездеседі. Автор «Біреулерге», «Омарбекке» деген өлеңдерінде

Қалды ма айыр тұяқ елде малдан,
Жалғыз сиыр қалмады «ет планнан».
Ел етсіз, бала сүтсіз қалып кетті,
Барып ең уәкіл боп сен ауданнан, -

деп, 1930 жылдардағы кеңес үкіметінің асыра сілтеуімен орын алған ашаршылық пен қазақ елінің босқыншылығын көрсетеді. Сондай-ақ Бауыржан Момышұлы «Шындық – бұл ерікке тәрбилеудегі ең бір құжырлы құрал. Өтірік – ақырында тіпті нағыз шындыққа сәйкес келетін ресми материалдарға да сенімсіздік тудыратын ең зиянды у. Өтірік, шынайы емес жазылған мақалалардың беретін пайдасынан зияны көп» - деп атап өтуінің өзі, оның ел тарихына жанашырлық таныта отырып, шындықты еш бүкпесіз жайып салатынын дәлелдейді [8].

Б. Момышұлы тарих ғылымына, соның ішінде Отан тарихы мәселесіне үлкен мән беріп, өзінің көпшілік еңбектерінде өткен тарихтың қоғамдағы алатын орны мен маңызына ерекше тоқталып, өзіндік тұрғыдан ой қозғап, еліміздің арғы-бергі тарихын қаузап және өз заманының алдыңғы қатарлы, озық ойлы, ұлт тарихы туралы батыл да шынайы ғылыми еңбектер жазған Ермұхан Бекмахановты қастерлеп, пікірлес інісі ретінде қарым-қатынаста болған. Сталинизмнің құрбаны болған, кеңес тарих ғылымында тарих ғылымдарының докторы атағына алғаш ие болған, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, қазақ тарих ғылымының, халқымыздың мақтанышы, әйгілі тарихшы Ермұхан Бекмаханов 1966 жылы ауыр науқастан қайтыс боларының алдында Бауыржан Момышұлымен қоштасарда айтқан соңғы сөзі былай болыпты: «Үлгере алмай кетіп барам, кешіріңіз!». Ал осыған халық атынан кешірім сұрап, жауап бергендей Баукең былай деп жазыпты: «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп боздар сорлы қазақ мен өлгенде». Осы сөзімді Қанышқа, Мұхтарға арнап жазып едім. Інім едің – сенімен қоштасып, басыңа қойып тұрмын. Жатқан жерің торқа болсын. Әрқашан да есімдесің, бауырым. Жылаушы Б. Момышұлы. 7.05.1966. Алматы» [9].

Бауыржан Момышұлы сондай-ақ соғыс жылдары және соғыстан кейін де тарихшы-ғалым, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.М. Панкратовамен, тарих ғылымының докторы, профессор, кейіннен ҚР ҰҒА-ның академигі, Республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Ақай Нүсіпбековпен және т.б. хат жазысып, пікір алмасып отырған. Мысалы, ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы Б.Момышұлының жеке қорында 1961 жылы 29 қыркүйекте А.Нүсіпбековке Мәскеуден жолдаған хаты сақталған. Онда ол өзінің Орталық мұрағатта жұмыс істеп, И.В. Панфилов туралы материалдар жинап жатқанын, ондағы кездесіп жатқан қиыншылықтар және «Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор И.В.Панфиловтың қысқаша биографиялық очеркі» деген тақырыптағы зерттеу жұмысының мақсаты мен жоспарын, мазмұнын баяндаған. Ал, 1943 жылы А.М. Панкратоваға жазған хатында осы жылы баспадан шыққан, «әлі сиясы да кеппеген», жоғары оқу орындарына арналған алғашқы оқулық «Қазақ ССР тарихы» жөніндегі өз пікірін білдірген екен. Аласапыран соғыс кезінде, қан майданның бел ортасында жүріп, қалай уақыт пен мүмкіндік тауып, танысып үлгерген десеңізші! Хатында «Сіздің редакциялауыңызбен жарық көрген бұл еңбек сөз жоқ қазақ халқының өткен тарихы алғаш рет шынайы тұрғыда ғылыми тұжырымдалған құнды үлес болып табылады» деп, оған жоғары баға берген. Сонымен қатар оқулықтың кейбір тараулары бойынша өз ескертпелерін жеткізген [10].

1943 жылы желтоқсан айының соңында Алматыға қан майданнан жараланып емделуге келген батырды астана жұртшылығы құшақ жая, зор қуанышпен қарсы алады. Осы келісінде Б.Момышұлы

зиялы топпен, атақты ақын, жыр алыбы Жамбылмен және майданнан хат арқылы хабарласып сырттай танысқан ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен сұхбаттасады. Өзінің 1944 жылы қаңтарда КСРО ғылым академиясының қазақстандық филиалының мәжіліс залында академия басшыларының ұйымдастыруымен тарих, әдебиет, өнер қайраткерлерінің таңдаулы шағын тобына өткізген алты күнге созылған арнаулы әңгіме-дәрісінің негізінде жазылған «Қанмен жазылған кітап» (Соғыс психологиясы) атты шығармасында «Әрбір солдат өзіне өзі төмендегідей сұрақтар қояды. Біздер кім едік? Біздер кіміз? Біздер қандай болмақпыз? - деп келіп, соған былайша жауап береді.

«Сонымен біздер кіміз және біздер кім болмақпыз? Егер сіздердің біріңізге: сіздің атаңыз тамаша адам болған десе, онда сіздің де көңіліңіз көкке көтеріліп қалмай ма, сондықтан да бізден біздер кіміз деп сұрайтын болса, онда біздің өткен тарихымызға, біздің даңқты ата-бабаларымызға деген біздің бойымызда мақтаныш сезімі сезілетіндей етіп жауап беруге тиістіміз.

Мен: «Біз мал едік, қараңғы едік», - деп соғатын кейбір шешенсымақтарға қатты ашу-ызам келеді. Бұл бізде ғана бар көркеуделік емес, басқа ұлттарда да бар нәрсе, тіпті орыстардың арасында да соғысқа дейін өздерінің ата-бабалары жөнінде ұнамсыз нәрселерді айтудан ұялмайтындар табылатын. Суворовтың өзін де жақында ғана көпшілікке насихаттай бастаған жоқ па. Сол кезде, яғни өткен ғасырда өмір сүрген біздің кейбір хандарымыз бен билерімізге, мемлекет қайраткерлерімізге байланысты да осындай көзқараста болдық, ал бізде хан екен, демек антұрған деп қарайтын ұғым-түсінік болды. Мұның өзін парасаттылық еді деп кім айта алады – сөз жоқ ешкім де айта алмақ емес. Өйткені Кенесарыдан оның көзқарасының Маркс көзқарасымен сәйкес келуін талап етуге болмайды! Олар өз заманының мемлекет қайраткерлері әрі жақсы адамдар болған, сірә мұны теріске шығара қоюға болмас, және де оларды мақтаныш етуіміз керек – олар халықтың абыройы ғой. Мұндай сұраққа немере-шөберелері өзінің ата-бабаларына, өзі өмір сүрген қоғамдық формацияда көшке ілескен елеусіз адам емес, жұртқа пайдалы өз заманының прогрессивті, өнегелі адамы болғанына мақтанатындай етіп айта білу қажет. Өткен тарихымызды аяққа баспай, қиянат жасамай мұны дұрыс ажырата білгеніміз жөн.

Біздер осы кіміз? Біздер кім болмақпыз? Бұған былай жауап беру керек: жақсы адамдар бар, одан да жақсырақ болуымыз керек. Әйтпесе ертеректе біз мал едік, жылдар өте нағыз адам болыппыздың кері келмей ме. Бұлайша қойылған сауалға жауап қайыру жөнсіздік» [11].

Міне, батыр атамыз сонау соғыс кезінде-ақ, біздің тарихшыларымыз, әдебиетшілеріміз, журналистер, жалпы зиялы қауым өкілдерінің көпшілігі мұнда ғана, яғни КСРО ыдырағаннан кейін айта бастаған мәселені кеңестік тоталитарлық жүйенің шырқау шыңына жетіп, сталиндік жаппай қуғын-сүргін, жазалау шаралары өршіп тұрған кезде өз ойын ашық, анық, батыл баяндағанына таңқаласыз.

Бауыржан Момышұлы осы еңбегінде ерлікке тәрбиелеу мәселесін жан-жақты әрі тереңінен қарастыра келе төмендегідей ой қозғайды:

«... Егер адамды жауынгерлік қасиетке тәрбиелемесе – онда бұл халық жауынгер халық болмағаны. Мұны өткен тарихымызға қатысты, біздің халқымыз жауынгер халық болмаған деп айта аламыз ба? Жоқ, біз бұлай деп айта алмаймыз, өксікті өкінішке орай біздің жауынгерлік, ержүректік қасиеттерімізге соңғы уақыттарда өткенге жаппай тас лақтыру, қаралауға байланысты жатсына, тосырқана қарай бастаған сияқты.

Өткенге жатсына қараушылық орыс және басқа да ұлттарда да болған. Мұның өзін республиканың ескі басшыларының тарапынан жасалған белгілі дәрежедегі зиянды іс деп санаймын. Халықты жауынгерлік асыл қасиеттерге тәрбиелейтін дәстүрлерінен қалай айыруға болады? Игі дәстүрлерді архивтің сөрелеріне қаттап қоюға болама екен? Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ деп қудалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қояр ма екен?

Ал біз не істедік десеңізші, өткен тарихымызды барып тұрған хайуандықпен жермен жексен ете аяққа таптап, содан кейін «өткенге қарсы шыққан бунтарлар» деген жалпы қорытынды жасауға келіп тірелдік, ал кейбіреулер бұл игі дәстүрлерді қайта дамыта түсудің орнына, түкке тұрғысыз мәселелермен, ұлттың одан әрі дамып жетілуіне зиянды нәрселермен айналысты. Барлық өткен нәрселерді жаппай, ақ-қарасына көз жеткізбей қаралау қандай жағдайда болса да мақтай қоярлық қылық емес, өте тар өрістілік, қатігездік, надандық, тіпті бұзақылық әрекет. Ол зияннан басқа түк те емес.

Дәстүр тәрбиенің басты қайнарларының бірі болып табылады әрі оның өте үлкен мәні бар» [11, 35-36 бб].

Сондай-ақ Б.Момышұлының күнделікті өмір-тұрмыстан туындаған, уақыттың талап-таразысынан өткен парасатты сөздері көп кездеседі. Оның қатардағы жауынгерлер жайлы айтқан кейбір қасиетті сөздері халқымыздың есінде. Даңқты қолбасшы солдаттың мінез құлқын, парасатын, елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін керемет білген. Соның арқасында оларды ерлік жеңістерге бастап, жігерлендіріп отырған. Бауыржан Момышұлының соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылғой жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді. Оның мақал-мәтелдерінде, адалдық, әділеттік, елдік пен ерлік, ұлттық сезімнен туралы ойлар кеңінен орын алады. Мәселен, «Үлкенді ізетте, кішіні күзетте көр», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Отанда опасызға орын жоқ», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық», «Опасызда Отан жоқ, Отанда опасызға орын жоқ», «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, Тәртіпті – елдің ұлы», «Белдескеннің белін сындыр», «Тірескеннің тізесін бүктірі», «Қарабет болып қашқанша, Қайрат көрсетіп өлген артық» деп, жетпіске тарта нақыл сөздер мен халықтық игі мақсаттарына арнап қанатты сөздер қалдыра білді.

Дастарханға бата ас қайырып, бата бергенде, бұрынғы халықтық бата-тілекті жаңаша жаңғыртып, «я, құдай, дозактың отынан сақта, қаңғыған оқтан сақта, адамды қадірлемес есерден сақта, ұятсыз қызыңнан сақта, қайырымсыз жекжаттан сақта, жалқау баладан сақта, жастарыңда әдеп жоқ, өлгенінде бәтуа жоқ құр айғай шат-шәлекей даңнан сақта» деген батаның тұнып тұрған тәлім, өзіндік үлгі-өнеге, өлмес, ескіrmес өсиет екенінде дау жоқ. Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқи отырып, оның шығармашылығы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі екенін байқаймыз.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Соғыс психологиясы: кітап-шежіре» еңбегінде «соғыс көптеген жандарға бақытты шығармашылық өмір жолына шығуға кедергі келтірді, жастық шақтағы армандарға нүкте қойды...” [12,-деп жазып өткеніндей, мәртебелі атағын көзі жұмылған соң алғанымен, оның әр бір ісі мен артына қалдырған өршіл де өміршең қанатты сөздері, шығармалары халық назарынан тыс қалған емес.

Бүгінгі таңның өскелең ұрпақтарына армандауға, ойлағандарын іске асыруға кедергі жоқ. Бірақ, осы мүмкіндік үшін ата-бабаларымыз елі мен жері үшін аянбай күресіп, ұлан-ғайыр жерді қалдырумен бірге ата дәстүр мен өз ұлтына тән салт-дәстүрін қалдыра білді. Олардың әр қайсысы ел болашағы немесе жас ұрпақтың одан әрі «Мәңгілік ел» іргетасын берік ұстауға негіз болары сөзсіз. Осы қатарда Бауыржан Момышұлы сынды айбынды батырдың халқы үшін жасаған ерлік істері мен одан кейінгі тұстағы өршіл мінезі туралы естеліктері, әсіресе нақыл сөздерін жас ұрпақ санасына сіңіре берсек артық етпейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлы Отан соғысы туралы. // Егемен Қазақстан 8 Мамыр 2010 .
2. Ерлік: Әскери әңгімелер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1968. – 159б.
3. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына: Жиган-терген. – Алматы: Ана тілі, 2005. –1-кітап. - 136б.
- 4.Бауыржан Момышұлы шығармалары (екі томдық) Алматы, 1968
- 5.Соғыс және жеңіс. Алматы: «Балауса», 1995 ж. - 25- 27-бет
6. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. –Алматы, 1975. -384 б.
7. Нұршайықов Ә. Ақиқат мен аңыз. –Алматы, 1976. 278-б
8. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
9. Бауыржан Момышұлы шығармалары (екі томдық) Алматы, 1968
10. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы Б.Момышұлының жеке қорынан.
11. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. –Т. – Алматы, 2000. -38-39 бб
12. Мәмбетов Қ. Бауыржан Момышұлы – соғыстың қатал тілмен жазған жазушы. // Ұлағат. - 2008.№ 3. -14-22 бб.